

*С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ
Ұлттық Медицина Университеті*



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Орындаған: Жүсіпәлі А. А

Қабылдаған: Испаева Г.Б

Факультет: ҚДС

Курс: 4

Кіріспе

**«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі»
туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18
қыркүйектегі № 193 Кодексінің**

**2-БӨЛІМ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ
КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**9-тарау. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ
КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

31-бап. Денсаулық сақтау жүйесінің құрылымы

32-бап. Денсаулық сақтау субъектілері

31-бап. Денсаулық сақтау жүйесінің құрылымы

1.Денсаулық сақтау жүйесі мемлекеттік және мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторларынан тұрады. Ол секторларға больница , поликлинника , медициналық орталықтар және жекеше медициналық іс-тәжірибемен шұғылданатын жеке тұлғалардан тұрады.

Мысалы : Алматы Қаласында мемлекеттік емес поликлиникалар бар Олар: «Керуен Медицина» Адрес :Шарипова Төле би , « Арман медицина» Алатау ықшам ауданы «Зере медицина» Қабанбай кө-і . Мемлекеттік «Интертич» Фурманова т.б

Мемлекеттік және мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторларының айырмашылығы

Мемлекеттік – Республикалық және жергілікті бюджеттін есебінен қаржыландырылады. Өзінде АИВ індеті бар адам ЖИТС

Орталығында әлеуметтік қызметкер лауазымын атқарады. Ол жүйелі түрде тең негізде туберкулез ауруының белгісі бар адамдарға кеңес беріп жүреді. Кеңестерін кішігірім жабық кабинеттерде өткізеді. Кеңес тыңдаушылар әдетте жөтеліп, тіпті қақырығын еденге түкіріп отыратын. Жарты жылдан кейін

2. Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдардан, мемлекеттік меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау ұйымдарынан тұрады.

Денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға ;

3. Мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторы жеке меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау ұйымдарынан, сондай-ақ жекеше медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан тұрады. Мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторында емдеуге тыйым салынатын аурулар тізбесін уәкілетті орган [айқындайды](#).

32-бап. Денсаулық сақтау субъектілері

1. Денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жекеше медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар денсаулық сақтау субъектілері болып табылады.
2. Денсаулық сақтау жүйесінде мынадай денсаулық сақтау ұйымдары:
 - 1) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін [ұйымдар](#);Амбулаториялық емханалық көмек - медициналық ұйымнан айтарлықтай алыс жерде орналасқан және климаттық-географиялық жағдайлар есебімен нашар көліктік қолжетімділігі бар елді мекендердің тұрғындарына медициналық көмек көрсету үшін бару орны бойынша ұтқыр медициналық бригадалар жылжымалы медициналық кешендерде, консультациялық-диагностикалық пойыздарда көрсетіледі.

Медициналық пункт

Фельдшерлік-акушерлік пункт

Дәрігерлік амбулатория

Ауылдық емхана

Аудандық емхана

Қалалық емхана

2) стационарлық көмек көрсететін ұйымдар;

Стационарлық көмек көрсету ережесі- Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының [кодексіне](#) сәйкес әзірленді және меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың оны көрсету тәртібін белгілейді.

Мамандандырылған және медициналық-әлеуметтік бейіндегі стационарлардан басқа стационарлар шұғыл және қарқынды медициналық көмектің көрсетуіне науқастарды тәулік бойы емдеу және бақылауды қамтамасыз етеді

Аудандық орталық аурухана

Қалалық аурухана

Онкологиялық аурухана (диспансер)

Тері-венерологиялық аурухана (диспансер)

Наркологиялық аурухана (диспансер, медициналық-әлеуметтік оңалту орталығы)

Психиатриялық аурухана (диспансер)

Лепрозорий

Отан соғысының мүгедектеріне арналған госпиталь

3) жедел медициналық көмек және санитариялық авиация

ұйымдары;

Жедел медициналық көмек (бұдан әрі – ЖМК) – денсаулыққа келетін елеулі зиянның алдын алу немесе өмірге төнген қатерді жою үшін шұғыл медициналық көмекті талап ететін аурулар мен жағдайлар туындаған кездегі медициналық көмек ұсыну нысаны.

Санитариялық авиация – пациенттің тұрған жеріндегі медициналық ұйымда медициналық жабдықтың немесе тиісті біліктілігі бар мамандардың болмауы салдарынан медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған кезде халыққа шұғыл медициналық көмек ұсыну нысаны.

Санитариялық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну әртүрлі көлік түрлерімен білікті мамандарды межелі жерге жеткізу немесе науқасты тиісті медициналық ұйымға тасымалдау жолымен жүзеге

Жедел медициналық жәрдем станциясы
асырылады
(бөлімшесі)

Санитариялық авиация

4) апаттар медицинасы ұйымдары;

Апаттар медицинасы қызметі – зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету және төтенше жағдайлар аймағында, төтенше жағдай енгізілген аумақта санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды өткізу, төтенше жағдайларды жоюға қатысушылардың денсаулығын сақтау мен қалпына келтіру арқылы әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарының алдын алуға және оларды жоюға арналған күштер мен құралдардың жиынтығы.

Апаттар медицинасы орталығы

5) **қалпына келтіру емі** және медициналық оңалту ұйымдары;
Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту туа біткен және жүре келе пайда болған аурулардан, сондай-ақ қатты, созылмалы аурулар және жарақаттар салдарынан зардап шегетін азаматтарға көрсетіледі. Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту денсаулық сақтау ұйымдарында, сондай-ақ санаториялық-курорттық ұйымдарда жүргізіледі.

Азаматтарға Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында және Қазақстан Республикасының **еңбек заңнамасында** белгіленген тәртіппен санаториялық-курорттық емделуге жолдамалар беріледі.

Санаторий

Мамандандырылған санаторий

Профилакторий

Оңалту орталығы

б) паллиативтік көмек және мейірбике күтімін көрсететін ұйымдар;
мейірбике күтімі – денсаулық сақтау ұйымы берген медициналық қорытындымен расталған ауыр сырқаты бар тұлғаларға психологиялық және әлеуметтік көмек пен тұрмыстық күтім көрсету жөніндегі медициналық және әлеуметтік қызмет бағыты;

паллиативтік көмек – мақсаты денсаулық сақтау ұйымы берген медициналық қорытындымен расталған терминалдық (соңғы) сатыдағы сырқаты дауасыз пациенттердің өмір сүру сапасын және жалпы жағдайын жақсарту болып табылатын медициналық және әлеуметтік қызмет бағыты;

Мейірбике күтімін көрсететін аурухана

Хоспис

7) қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын

ұйымдар;

Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі донорлық қан дайындауды өңірлік деңгейде орталықтандыру, донорлардың қан үлгілерін трансфузиялық инфекцияларға зертханалық зерттеу және денсаулық сақтау ұйымдарын қан өнімдерімен қамтамасыз ету қағидаттарының негізінде Қазақстан Республикасының халқына трансфузиялық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының жұмысын (республиканың, облыстың, қаланың) штаттан тыс бас трансфузиологы үйлестіреді.

Қан орталығы

8) сот медицинасы және патологиялық анатомия саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

Сот медицинасы орталығы

Патологиялық анатомиялық бюро

Орталықтандырылған патологиялық анатомиялық бөлімше

Патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары мен құрылымдық бөлімшелеріне: патологиялық-анатомиялық бюролар, денсаулық сақтау ұйымдарының орталықтандырылған патологиялық-анатомиялық бөлімшелері мен стационарлық көмек көрсететін патологиялық-анатомиялық бөлімшелері жатқызылады.

Сот медицинасы орталығы

Патологиялық анатомиялық бюро

Орталықтандырылған патологиялық анатомиялық бөлімше

9) фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

Дәріхана

Дәріхана қоймасы

Алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана қоймасы

Алыс елді мекендерге арналған жылжымалы дәріханалық пункт

Оптика дүкені

10. халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы

Республикалық санитариялық-эпидемиологиялық станция

Обаға қарсы күрес станциясы

Дезинфекция станциясы

11. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар

Ұлттық орталық

Ғылыми орталық

Ұлттық ғылыми орталық

Ғылыми-зерттеу институты

12. Денсаулық сақтау саласындағы білім ұйымдары

Медицина университеті

Медицина институты

Медицина академиясы

Медициналық колледж

13. Салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметтерін жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы

14. АИТВ/ЖИТС алдын алу саласындағы қызметтерді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес орталығы

14-1) алып тасталды - ҚР 03.07.2014 [N 229-V](#) Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15. Ұлттық холдингтер;

Ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдар Үлгі ереженің негізінде Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру ережесін әзірлейді және бекітеді

Ұлттық басқарушы холдингтер

1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы.
2. «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы.
3. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы

16. денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын бағалауды және біліктілігінің сәйкестігін растауды жүзеге асыратын ұйымдар;

17) туғаннан бастап үш жасқа дейінгі жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, туғаннан бастап төрт жасқа дейінгі, психикасының және дене бітімінің дамуында кемістігі бар балаларға арналған, баладан бас тарту қаупі бар отбасыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары жұмыс істейді.

3. Уәкілетті орган:

- 1) денсаулық сақтау ұйымдарының номенклатурасын және олардың қызметі туралы ережелерді;
 - 2) денсаулық сақтау қызметкерлерінің медициналық және фармацевтикалық мамандықтары мен лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын;
 - 3) денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымын, үлгілік штаты мен штат нормативтерін;
 - 4) денсаулық сақтау ұйымдарының өзара іс-қимыл тәртібін әзірлейді және бекітеді.
4. Жеке тұлғалардың осы мамандық бойынша маман сертификаты, кемінде бес жыл жұмыс стажы және тиісті лицензиясы болған ретте жекеше медициналық практикамен айналысуға құқығы бар.

Пайдаланылған
әдебиет

adilet.zan.kz



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ !**